

**«Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқыту мәселелері» тақырыбындағы 6D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Таракчы Вахдettің диссертациялық жұмысына биресми**

## **ПІКІР**

**«Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқыту мәселелері» тақырыбындағы Таракчы Вахдettің диссертациялық жұмысымен танысып шықтым. Жұмыс диссертацияға қойылатын талап деңгейінде орындалғанды,ын атап айтуға болады.**

**Жұмыстың мазмұнына байланысты айтарым;**

**1. Тақырып өте өзекті, өйткені, түрік тілді мемлекеттердің интеграциясы қазіргі кезде үлкен саяси маңыз алып отыр деп есептейміз..**

**2. Мұстафа Шоқайдың шығармашылығын тарихи сана қалыптастыруда тарих пәндерінде дереккөз ретінде қарастыруы өте маңызды. Шоқайдың шығармашылығы шын мәнінде Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихының шынайы дерегіне айналып отыр осы кезде.**

**3. Мұстафа Шоқайдың түркілік бірлік идеясы жөнінде жазылған зерттеулер қатарының молдығына қарамастан докторант мәселені түркиялық деректерге сүйеніп қарастырған еken. Осы тұрғыда оның жасаған қорытындылары жұмысқа жаңалық сипат берген.**

**4. докторанттың мамандық шифры білім бағыты болғандықтан дағылыми зерттеулерді педагогикалық зерттеулерге ұластыруы керек. Осы тұрғыда докторант зерттеу барысында қол жеткен нәтижелерін оку үдерісіне енгізу бойынша зерттеу, эксперимент жүргізген. Бұл жаңалық та қолдауға лайық.**

**5. Жұмыстың жаңалығы көрініп тұр. Осы тақырыпқа студенттердің қызығушылығының бар екендігін мен жақсы білетіндіктен, докторанттың оқу-әдістемелік құралының ертерек баспадын шығуын қалар едім. Оқу құралы студенттерге де, оқытушыларға да аса қажет құрал болады деп білемін.**

**Вахдет Таракчының диссертациялық жұмысын талапқа сай орындалған, өзінің дербес жұмысы, қолданбалық маңызға ие, ғылыми жаңалығы бар деп бағалап, докторлық атақ беруге болады деп пікір білдіремін.**

**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты** Мырзалиева Э.К.

